



Төрехан МАЙБАС

1954 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кентінде туған. ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Шет ауданының Құрметті азаматы.

ҚҰРМАЛДЫҚ

РУХ КІТАБЫ


АХАҢЫҢ ДҮКЕНДЕРІ (Алғысөз орнына)

(Жалғасы. Басы №1 нөмірде)

Қай жұрттың болсын наным, сенімі болады. Ол сенімінің - Құдай, болмаса - Тәңірі, болмаса - Алла, болмаса басқаша атаумен аталуы мүмкін. Мырзатай Жолдасбеков ағамыз бір әңгімесінде қазақ даласында Алла болып қалыптасқан Жаратушының имандылық ордасына шомылған шағымызда Аллаһ болуына іш наразылығын білдіріп еді. Қасиетті Құраннан Алланың тоқсан тоғыз атауының барлығын білеміз. Бір қазақтың өзі оның өзіне тән бірнеше атауын біледі. Сонда бұл не? Жасаған деп жалбарынады. Жаратқан деп кешу сұрайды. Ием деп тәуелденеді. Жасаған ием деп және айтып, кіріптар болады.

- Бұл - құдайшылық, - дейді Ахаң.

Қазақтың құдайшылығы өзіне тән құдайшылық.



Ақселеу СЕЙДІМБЕК

(1942-2009)

Жер бетінде зәуаттық жады тастай қатты екі жұрт болса соның бірі - қазақ, жалғыз болса - тағы өзі. Сәбилік еңбектегендегі сенімін, азаматтық қазтұрғандағы сенімін,



қариялық еңкейгендегі сенімін қатар алып келеді. Біреуін тәрк етсе кәне?

Бұған қарап қазақ баласы неге біреуін ғана таңдамайды деп сауал тастау артықшылық. Бабаларымыз осы асыл үш дінінен өзін қашанда бар қылатын қағидаттарын алған және ол қағидаттарын өмір сүру қалпына айналдыра алған.

Бір сөзбен айтсақ бабаларымыз реформа жасаған...Өзінің танымдық болмысын алға салып. Бізді осы күнге алып келген бабаларымыздың осы таңдауы. Бабаларымыздың бұл таңдауы жұртымызды әлі талай ғасырлардан асырады.

Қазақтың Құдайы Алламен де, Тәңірімен де қатар тұр.

Бүгінгі жұрт олардың барлығына имандай сенеді. Орындарын алмастыра беретіні содан және оларын ар-ұят санамайды, басқадай сөкет те көрмейді. Кейінгі әсіре діншілдер болмаса көпшілік жұрт назарға да алмайды. Бұл қайбір желбуаздар ойлап жүргендей көп құдайшылық емес.

Осы жерге келгенде сары далам көз алдымда тұра қалады. Ау, бұл Аханның Сарыарқасы ғой!

Аханның сол Сарыарқасы әлі күнге күмбір-күмбір етіп ән салып тұрғандай. Күмбезді бейіттері арқылы. Оралхан ағам «Ән салады шағылдар» дейді. «Поющие купола» дейді Ақселеу ағам.

Сол далада кімдер жүр дегенде кеудеме өксік тығылады. Кімдер ғана жүр емес деген өкініш сезімі өңмендейді.

- Әйтеуір, дінсіздер, кәпірлер жүрмесе екен, - дейді ішкі дауысым.

- Қазақ баласы мұсылман дініне дейін де діншіл болған. Діншіл болғанда құдайшыл болған. Оның сипат әлпетін өзіне ұқсатпаған. Сол арқылы оған сакральдық қасиеттерді

үстемелеген. Қазақ баласы жолы оңғарылғанда, болмаса бәле-жаладан аман қалғанда Құдайым бар екен дейді. Бұлармай сөйлеуді талап еткенде Құдайшылығыңды айтшы деген. Бұған қарап қазақ баласының сакральдық санатының кімнен де болса жоғары тұрғанын көреміз. Сондықтан бүгінгі күнге олар құдайшылығын тәрк етпей өзімен бірге ала келді...

Қазақ баласының өзге жұрттан ерекшелігі осы сәби дінін бүгінгі күнге өзімен бірге ала келгендігі.

Қазақ рухы күшті халық.

Оған күш беріп тұрғаны осы құдайшылығы.

Дін қашанда күш, орасан күш...

Ахаң айтпақшы дін күш, дін барша қарудан да мықты қару. Бір ел екінші елді ала алмағанда осы дін арқылы, дінге кіргізу арқылы алған. Ал дінге кіргізу қашанда бейбіт өтпеген. Үлкен құрбандықтар болған. Осы құрбандықтар арқылы жау елдің өзін дін негізінде өзімен одақтастырған, жер көлемін ұлғайтуға мүмкіндік алған.

Талай жұрт осынау аяр саясаттың құрбаны болған, дін негізінде басқа жұртқа сіңісіп жоғалған. Сондықтан да ешқандай да қару қолданбай-ақ жұрт арасына дінін кіргізіп, асау елдердің бас еркіндігін алған, босап қалған жерлерін өздеріне қосып алған.

- Құдайшылық та, Тәңіршілдік те, Аллашылық та қазақтың төл діні емес. Бұлар сырттан таңылған діндер. Қазақ баласының болмысы табиғаттың өзімен өрілген болмыс. Сондықтан да олар аталған діндерден өзіне керегін ғана алды. Өмір сүруге итермелейтін,



жетелейтін қағидаттарын ғана ұстанды. Бұл жағынан алғанда қазақ жұртын реформатор жұрт дегеніміз ләзім. Бұл қағидаттардың қазақ баласына сіңіп кеткендегі соншама кейінгі лап қойған мұсылманшылығына өз орынын күні бүгінге дейін босатпай отыр. Жақын манда босата қояды дегенге өз басым сенсе қоймаймын...

Не деген көрегендік.

Қазақ баласы қабылдамай жатыр. Етене көрінетін мұсылман дінін. Тоқсаныншы жылдары ел лап қойды. Басқа жұрттың екпіні бізден де қатты еді. Жер бетінде қанша дін бар, соның бәрі қазақ даласына ағылды.

Елдің бәрі Құдай үйін салып жатты. Бұрын болған деген мәндес құжаттар табылып жатты. Бәленбай деген поптың үйінен. Сол құжатты құжат қылды. Солайша шіркеулер бой көтерді. Кирха да салынды. Шиши, костел, синагога дегендер де бой түзеді. Барлық діндегілер үшін деген де ғибадат үйлерді көз көрді.

Қазақ баласы сонда ғана қозғала бастады. Қозғалғаны сол «Шошақтың шөлінде» қалғанын көрді. Айбыны асқан мешіт салуға қол қысқалығы болды. Ал қалқайтып салуға ар-ұяттарынан аса алмады. Содан кешегі қызыл өкіметтен қалған үйлерді жамап-жасқап, мұнара өрлетіп, маңдайына «мешіт» деген жазу шығарды. Кешегі атқоралардың барлығы мешіт болып шыға келді.

Қазақ баласы мұсылман дініне осылай кірген болатын. Шоқша сақалды дінбасылары бәленбай мың мешіт көтердік әлемге жар салып жатты. Имамдар енді бәрін қойып депутат болып жатты.

Ал бұл кезде басқа діндегілер қаладан шығып ауылға барды. Киелі деп кітап таратты. Бұрын оқта-текте

сығандардың шатыры тұрушы еді. Олар да көп тұра қоймайтын. Ал мыналары жатып алған. Қара суық түскенше тапжылмады.

Поптары өзіміздің қаракөздеріміз. Құлшылықтарын қазақша төгілгенде демің шықпай қалады.

Сөйтіп жүріп біраз жұртты киіндірді. Бірді-екілі киілгені болмаса ескі-құсқы дей алмайсың. Алаң жұрттың қазанына ас салушылар да табылды. Ал кешке кино көрсетті. Бейкүнә кино. Жақсылыққа үндегеннен басқа жазығы жоқ. Ионна дей ме-ау, Павел дейді ме-ау, Сергей дей ме-ау...Солары сайрап тұр. Қан жүктеме дейді, өтірік айтпа дейді, кісі ақысын жеме дейді Ең соңында құдайымыз бір дейді, пайғамбарымыз да бір деп қояды, сендерде Мұхамед болса, бізде Иса дейді...

Қазақ баласына дінтану осылай басталған. Қазақ даласында коммунизм елесі сынды дінсіздік елесі кезіп жүрді. Олар тұп-тура қазақ баласының отбасына барды. Алдымен оларға көмектесті. Соңынан соларды теспей сорды. Ең соңында сорлы қазақ тулақ үстінде қалғанын көрді.

Солайша қазақ отбасында мұсылман да, жөйіт те, баптист те, ахменийд те, христиан да тұрып жатты. Олардың басына ештеңе біріктіре алмады. Не қатыны, не еркегі, не баласы, не дастарқаны.

Мамыражай жатқан талай отбасы ойрандалды. Дін таңу арқылы. Баласы әкесіне, інісі ағасына қарсы жүрді. Тірі жесірлер, тірі жетімдер деген шықты. Алимент деген әке пайда болды. Дін қуып арап жұртына асқандар өздерімен бірге талақ дегендерін ала келді. Өмірінде бір байдан аспайтын қазақ қыздары жиырмасына жетпей жатып, үш-төрт байдан қайтып жатты.



Сол тұста сайлаулар көп болды. Баламалы негізде деген. Бір үйдің балашағасы бір-біріне қарсы болып, қырық пышақ болып жатты. Қазақ даласына келген еуропа демократиясының сиқы осындай еді.

Қазақ баласы қазақ баласына қарсы жүрді.

Ғасырлар бойы қазақ даласын ала алмаған «мәңгілік дос» көршілеріміз қазақ баласының жүрегін осылайша дін арқылы жаулауға көшкен.

Қалың қоңыр күзде Өмең қоңырау соқсын.

- Ахаң кеп қалды, - деді бірден, - ештеңеге әуре болма, малыңды жайғаған соң келерсің...

Өмеңнің - Өмір Кәріп ағамның осылайша төндіріп сөйлейтіні бар. Қашанда Ахаң шаң жуытпай отырады. Бәлендей бір кінәлі болып жатса онысын өзіне аудара қояды. Ешкімнің алашығы жоқ дел отырады. Мұнысы маған «ешкімге берешегім жоқ» деп естіледі.

Үйде Манап жоқ еді. Қарағандыда ауруханада жатқан болатын. Мал жайғап, бірден Өмір ағамның үйін бетке алғам. Барсам мал сойылып қойыпты. Еттің иісі мұрынды қытықтайды.

Бұл Ахаңның қажылық сапарынан келген беті. Алматысына бара жатыр екен. Қаракөлеңкеде машинаның түсін түстей алмадым. Анығы су жаңа болса керек. Ай нұры ойнап тұр. Шамасы, найман ағайындардың таралғысы ғой деп қоям. Ахаңның алдында Найман ата шежіресін түзгені бар.

Үйге кіріп қауқылдасып жатырмыз. Мекке сапарынан біраз сияпат ала келіпті. Тақия, жайнамаз, иісмай

дегендейін. Бұл тұста Өмір ағамыз намазхандар қатарын толтырған болатын. Менің де мешітті айнолсақтап жүрген кезім.

Көп ұзамай ет те келді. Пышақты мен ұстадым.

- Кәдімгідей жапырақтап турашы, - деп қояды ағамыз.

Өзі болса алдындағы басты тәрбиелеуге кіріскен.

- Мипалауға құйрықтың білемін қосқанын көрген едік, қазір қамыр қосатынды шығарып алыпты. Осы қамырды кейінгі кезде этнан деп айту әуезе болып жүр. Елдің оның қай жерінен ет көріп жүргенін. Не шықса да Жаңаарқадан шығады деген рас па деймін. Бұл қалай десем бауырларымыз мәз болады. Қазіргі қойдың мишығында су болмайды деп. Амал жоқ күлгеннен әріге бармадым. Ми болмаса қайтер едіңдер деп өзімше қалжың ұзатқан болдым...

Сонан Ахан әңгімесін шалақ қайырып арбақешіне ошарыла бұрылып:

- Зәмзам суын жеткіз, - деді, - Өмір бен Бәтенге ашықтар суын әкел, мына Төкіжан екеуімізге бойдақтар суы да жарайды. Келін Қарағандыда жатыр деп естідім. Денсаушылығы болмай жүр ме?..

Мен жауап қайырып үлгермедім. Ахаңның арбақеші қайтып кірді. Қолында кідімгі әскерилердің жасыл құтысы. Аңдап қарағанымда оларының екеу екенін анық көрдім.

- Стақан әкел, Бәтен, - деді Ахаң.

Бәтен тәтем стақан емес, төрт кішігірім рюмка қойды.

- Арақ ішейік деп отырған жоқпыз ғой, зәмзам суын ішейік деп отырмыз ғой. Тем более, сендер ашықтар зәмзамін ішейін деп отырсындар, біреуің он сегізіңе, біреуің қайран жи-



ырма бесіңе ораласың. Дөнен қырлы
стақаныңнан әкел.

Қайран жиырма бес деп айтып, он
сегізге келгенде қайран деген сөзін
жеп қойғаны қалай деп ой жүгіртіп
жатырмын.

Төрт стақанды алға салып Бәтен
тәтем де дастарқанға жайғасты. Ар-
бакеш бала бір құтыны алып құйып
еді, түбі көрінді де қалды. Екінші
құтыны ол босатты, қылдай қылып
бізге құйды.

- Тартып жіберіңдер, - деді, - құс
маһаббатты боласыңдар...

Құс маһаббаттысы қандай маһаббат
екен деп қоям іштей.

- Мен де кеттім, - деп өзі де тартып
жіберді.

Ал менің қолым ет тураудан боса-
мады.

Тұздық құйып жатқанда мен
майлықты табақ шетіне қарай итер-
гем.

- Алып жібер, - деді Ахаң.

Мұздай болмаса да салқын екен.

Көзімнің оты жарқ етті. Ішімді өртеп
барады. Не де болса деп аяғынан
бір-ақ шықтым. Өзімше білдірмеген
болып, түк болмағандай қолымды
табаққа салдым.

Ал ішім болса өртеніп жатыр, ба-
сым да әйкі-тәйкі. Бұл қалай деп қоям.
Түсіне алар емеспін.

Менің зәмзам деп ішкенім кәдімгі
мединалық спирт болатын. Қаб-
ағыммен Ахаңды бағамын. Сыр
бермейді. Өмір ағама да қараймын. Ол
ағамыз да түк болмағандай бір қылаң,
бір баранынан қарпып отыр.

Одан кейін сорпа келді.

- Сорпаң семіз екен, - деп қойды.

Не айтқысы келіп отыр екен деп
Ахаңның аузын баға қалайын.

- Семіз сорпа деп осыны айтады, -
деп және қосты.

Бұл әңгіме Өмен ағама жағып отыр.

- Кімнің не ішетінін Бәтен біледі
ғой, - деп тәтемді көтеріп тастады.

- Қазіргі жұрт мұнан таза мақұрым
ғой, көз көрмеген соң, құлақ қайдан
естиді, - деп Өмен ағамыз бар кінәні
өз мойнына ала бастады.

Оның ішінде біздің кетіп бара
жатқанымызбен шаруасы болса,
кәне?!

- Кешегі дастарқан жайып, қазан
көтерткен қазақ өрістен малдың семізін
алдырушы еді. Табаққа қол салған
құдайы қонақ бір қылаң мен мен ба-
ранын іздеп отырмаушы еді. Қайран,
қазақтың шалдары-ай, әлгі айтып
отырған баранымыз бен қыланымызды
қазанға бірден түсірмеуші ме еді. Біз
де сол шалдардың баласымыз деп
көкіміз-ау...- Өмен ағамның дауысы
кәдімгідей қамығынқы шықты.

- Сол шалдардың баласы болған
соң семіз сорпа ішіп отырмыз ғой, -
Ахаң жығыла сөйлегенімен әңгіме ау-
анын жақтыра қоймады.

Сол күні біраз арғы-бергі
шежірені қозғап әңгіме айтыстық.
Домбыра шерткен болдық. Содан
күткендегімдей әңгімеміз имандылық
жағына қарай ойыса берді.

Ахаңның Меккеге жаңа ғана барып
келгені қаперінде жоқ. Тіпті Мекке са-
парына бармағандай қалып танытты.
Бірақ әңгіме ауаны сол қажылыққа ба-
рып тіреле берді.

- Жақсы Жанғұттың барып қалып
қойған жері, Құныкеннің қала алмай
қайтып келген жері ғой. Мен де қала
алмадым...

Біраздан соң қақ жарылдық.
Құдайынан жаңылмай Ахаң отыр, Ал-
лалап біз отырмыз.



Біраздан кейін Аханның өзі қарсы шабуылға шықты.

- Аруақ бар ма? - деді.

Бізде үн жоқ.

- Тірінің өліге деген құрметі болады. Қарғаны қазақ баласы жақтырмағанымен киелі құс деп білем. Олардың біреуі шетін болса қалғандары қамалап жүріп көмеді. Қасқыр да солай. Сүйектерін ашық-шашық тастамай көміп кетеді. Бір ғажабы олар сол көмген жерлеріне оралып тұрады. Сонда бұл не? Аруақтың барлығы емес пе? Аруақтың нышаны емес пе?

Мекке сапарын ұсынғанда ойланyp қалғам. Қажылыққа барудың толып жатқан сайдаты бар. Соның бастысы барып-келуінді өзіңнің көтеруің. Барғанда анадан жаңа туғандай тазарып баруың. Ал біздің тобымызда құлқуалланы қайтара алмайтындар да болды. Мешіт табалдырығын аттамағандар да жүрді. Шыны керек, біздің топ қажылар тобы емес, саудагерлер тобы сынды еді. Бара сала бөк дүниені қызықтадық.

Жарайды, менікі басқа. Баяғы ол кім, бұл не деген сауалымнан жаңылмадым.

Мен барып онда аруақ іздедім...

Осы жерге келгенде Ахаң үлкен үзіліс алды. Мен енді Аханды емес, Өменді бағуға көшкем. Әңгіменің аяқталмағаны мәлім. Әдетте әңгіме аяқталдыны білдірер болса Ахаң тұрып кетер еді.

- Аруақ іздемейтін жерден аруақ іздегенің қалай болар екен? - десін Өмен ағам.

- Жалпы, ол жаққа барған қазақ баласы аруақ іздеуге бара ма, - деп қалдым. Біраз жұрт ашық түрде аруақ іздеп жүрді. Өйткені заманында біздің бабаларымыздың түрлі себептермен

табаны арап топырағына тиген екен. Қалып қойғандары да аз болмаса керек. Ал мұсылман деп отырған бұл арабың өлген адамға біз секілді қорған соғып, белгі қоймайды.

Естіп-білгенім бұл жақтағы қазақтардың Меккеде қалғылары жоқ. Қаза хабары шығып жатса жабылып жүріп қазақ топырағындағы атақорымға жібереді.

Мен болсам Жақсы Жанқұтты бабамның бір дерегін іздегем. Реті келіп жатса басына барып Құран оқысам деген тілекте едім...

...Ішіміз сезіп отыр. Жақсы Жәкең басын таба алмағанын. Арнап Құран оқымағанын.

- Сонан бәрібір оқыдым, Жанқұтты бабама, сонда қалып қойған барша бабаларыма. Ниеттеніп оқыдым.

Қазір қажылыққа жүру деген қазақ баласы үшін әуезе болып тұр ғой. Оның үстіне ол жақтың бізге беретін квотасы аз емес. Бала-шағасын ашжалаңаш қалдырып, Мекке қайдасың деп жол тартатындарды қайтерсің? Мұның қай жері имандылық? Қай жері қажылық?

Мені тыңдасандар бармай-ақ қойыңдар. Жақсы Жәкең адам қызығатын жер емес деп тегін айтқан дейсің бе?

Жалпы, қазақ баласы баратын жер емес...

Ондай киелі жер өзімізде де жетерлік...

Ахаң әңгімесін осылайша шолақ қайырды. Неге деген сауалды не Өмен ағам, не өзім қоймадым. Сонан кетті дейсің Ахаң төгіліп, асып-тасып...

- Қазақ баласы барынша еркін өскен халық. Оның еркіндігі өзіне ғана



тән еркіндік. Ешкімге құл болмаған, ешқашан ешкімді құлдықта ұстамаған бекзат халық. Бәрін берсе де еркіндігін бере алмаған халық. Қандай жағдайда болсын өмір сүре алған халық. «Үш күннен кейін көрге де үйренеді» деп бізден басқа ешқандай жұрт айтпаса керек. Бәрін де көрген, бәрін де бастан өткерген, бәрінен де аман қалған. Сондағы сүйенгені ақылы. Ақылы жеткен жерден аруақтық басталады. Жаратушы қазақ баласын ақыл кененінен кенде қылмаған. Қысылғанда қашанда жол тапқан. Өмірге келгенін қалай мойындаса, өлімге өтерін де солай мойындаған. Бұл пәнилік өмірін бес күндік жалған деп білген.

Өлімнен қорықпаған. Оған дайындалған. Әр қазақ өзін бағалай білген, өзгеге бағалата білген. Сондықтан осынау иен далаға ие болып қалған. Айдаһарға айдаһар болып, аюға аю болып қарсы тұрған.

Қазақ баласын орнынан көтеру оңай. Аруақ шақырсаң болды, баласына дейін тай үстінде жүреді. Қазақ баласының басқа жұрттан сынық бойы биік тұруын ел ат үстінде кеткендігінен деп біледі.

Мен білсем аруақтың ал қағанынан!

- Аруақ!..

- Қазақтың өліге деген құрметі көзсіз құрмет. Өзін қалай боқтасаң да қыңқ демейді. Ал әкесіне тіл тигіздің бе - қолы жағанда кетеді. Ол да ештеңе емес. Қазақта «аруақ тартты» деген сөз бар. Бүгінгінің молдасы айтпағанымен кешегінің молдасымен дүкендескеніміз білсек керек.

Аруақ жөнінде асылық сөз айттың ба - басыңнан бәле кетпейді деген сөз. Оның жақсы-жаманын жіпке тізген

өзекті жан болмаса басқалар білмесе керек. Соның өзінде бабаларымыз «Бір Құдай біледі» деп мәлімсіздіктен бастарын ала қашар еді.

Кішкене ой жүгіртсек кешегі шалдардың бізден кем білмегені көрінер еді.

Мектеп табалдырығын баспаған, институт есігін ашпаған, ештеңе де қорғамаған сол шалдарымыз осының бәрін қайдан білген? Әрине, Көктен! Бұл - пәлсапа.

Оларды бұлайша сөйлетіп отырған - Көк!

Оларды бұлайша сөйлетіп отырған - Құдай!

Олар Құран бетін ашпақ тұрсын Әліппені де ашпаған абыздарымыз ғой.

Солар айтады «аруақ тартты» деп.

Бір жандар болады, төрт құбыласы түгел дерлік - жасы да кеп тұрмаған, ештеңемен де ауырмаған. Сол зіңгіттей азаматыңыз тілге келмей, кәмилласын айтып үлгермей көз алдыңызда кете барады.

Бұл не? Дәрігерлер инфаркт, инсульт деп жатады.

Ал кешегі шалдарымыз:

- Аруақ тартты, - дер еді.

Әлгі азаматымыз жаман да адам емес шығар. Алайда өзі байқамай асылық сөз айтқан болар. Бұл дүниеден көшіп кеткен аруақ туралы. Аруақтың жасы-кәрісі болмайды. «Жетпіс жеті әкеңнің...» деп жатамыз. Соның өзі жеткілікті.

Айтып отырған аруағымыз араша сұрайды. Кімнен болушы еді? Құдайдан! Ал Құдай бос сөзді көтермейді.

Сонан аруақ арашаға сөз иесін шақырады.

-Аруақ атты, - деген де сөз бар ғой.

Бұл Өмең ағам. Аруақтар туралы



көп жазған қаламгеріміздің бірі.

- Оның жауабын өзін де біліп отырсың ғой. Аруақтардың әлгіндей найсаптарды білетіні болады. Бұ дүние адамының о дүниеге керек болмай қалатыны осы тұс. Ондай жандарға аруақтардың түкіргені бар. Бір Құдайға тапсырдым дейді. Тірі адамның тапсырғанының бір жөні болар. Ал аруақ тапсырғанның арты қашанда үлкен ауыртпалықтар әкелген.

Мұны кешегі шалдарымыз «Аруақ атты» деген.

Ондай жайтты адам баласының басына бермесін.

Оқта-текте де өзіне өлім тілеп жататын адамдар кездесіп қалады.

Аруақ атқан адамдар солар...

- Біздің төл тарихымыз жұқалаң. Ұлттық тарихшыларымыздың кемітінен болып тұрған шаруа. Академик тарихшыларымыз бар. Бірақ академиялық тарихшыларымыз емес. Содан өзін есті санайтын қазақ баласы өз тарихын жазып кетті. Қатпарлы қазақ тарихын көтерген жазушылар болды. Жазушының жазған тарихы бір басқа да, тарихшының жазған тарихы бір басқа. Ал біз күні бүгінге дейін жазушылардың түзіп берген тарихымен келеміз. Ілияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Софы Сматай қалдырған тарих әлі алғадайлық сипатын берген жоқ.

Қазақ өз жерінен шығып соғысқан ба? Соғысқанда қандай! Орыс баласының жазып берген тарихы бойынша біздер жоңғарлармен ғана соғысқан екенбіз. Қазақ сыртқары соғыспаса Балқантауды қайдан біледі? Әлде түсінде көрген бе?

Біздің бабаларымыздың французбен соғысқаны өтірік пе? Неміспен де соғыспадық па? Бәлкім, кансулармен де соғыспаған шығармыз?!

Жоқ, соғыстық. Солардың жерінде. Өз жерімізде емес. Французбен соғыспасақ Сенадан ат суарып тұрған қазақтар қайдан жүр? Рейхстагқа басқа емес қазақ баласының ту тігетіні қалай?

Қырық бірдің ауыр қысында Мәскеудің түбінде кімдер тұрды? Қазақтар тұрды!

Қазақтың құлақ жарар:

- Аруақ! - ұраны Мәскеу аспанында немістің «миссершмитінің» дауысын естіртпеді.

Ел Сталин туралы неше түрлі ғайбат айтады. Сталиннің көрегендігі сонда Мәскеуге қазақтарды алдырды да қашпай-пыспай жауып тұрған оқтың астында жұмысын жалғастыра берді.

Ол қазаққа сенді!

Ол қазақтың Аруағына сенді!

- Аруақ!..

Ахаң орнынан тұрып кетті.

Менің болса арқам шымырлап қоя берді.

- Аруақ дегенде қазақ баласы құйрығын жерден көтермесе біздің ұлт ретінде құрығанымыз.

Аруақ бұл табиғаты әлі анықтала қоймаған дүлей күш. Ол күшті, әрине, жерден алады. Оны токтату мүмкін емес. Аруақтанған адам мыңға қарсы жүреді. Жау көзіне мың болып көрінеді.

Сондықтан да аруақ шақырған қазақ қолы ешқашанда қырғын тапқан емес.

Кейінгі жаһандық соғыста батыр



атағын алған қазақтар аз болмаған. Жан басына шаққанда біздің бабаларымыз тізімнің басында тұр. Бұл не? Бұл - аруақ шақырғандық! Бұл - аруақ қолдағандық!

Содан да Сталин рұқсат берген.

Орыс итте аруақ жоқ! Сондықтан да боқауызын айтып танкке қарсы жүрген! Басып өткен ондай алқаштарды немістер.

Қазақ та танкке жалаңқол қарсы шыққан Бірақ оның аруағы бар еді. Соның арқасында фашист итке мың болып көрінген. Олар кімді атарын білмеген.

Содан да ел жапатармағай батырларын іздеп кеткен. Солайынша қазақтың барша батырлары орыс даласында аруаққа шықты!..

- Ел мұсылманшылықты арап жұртымен байланыстырады. Бұл қасиетті Құран кітабы арап тілінде түсті дегеннен пайда болған сенім. Әйтпесе қарындасын қатын еткен арапты қазақ малға санаған.

Оның мысалы жыртылып айырылады.

Мешітке барсаң уағыз айтады. Патшамызды аман қыла гөр деп. Патшаның мешітте шаруасы болса да, мешіттің патшада не шаруасы бар екен деп еріксіз ойланасың. Мұны әркім айтады. Оны түсінуге онша көп ақылдың да керегі жоқ, әрине. Бұл Құдайдан емес, Құдай үйінен шығып жатқан сөз. Содан да жұрт имамның айтып жатқан уағызына салғырт қарайды. Әзірет Әлі туралы сұрап көр. Періште. Бәтима анамыз жөнінде сұрап көр. Ол да періште. Келіп отырған намазхан қаңа туыстығын сұрайды.

- Ағайын, - деп жауаптасады.

Қыршаңқылары болса:

- Қаншалықты? - деп тықақтан.

Бір намазханның:

- Е - е, періштелер аға-қарында карамайды екен ғой, - деген о естідік.

Бәлкім, білместікпен айт бәлкім, қасақана айтты. Бәрібір жауабы болу керек еді. Берілмеді.

Міне, осы жерден бастап біз араппен туыстығымыз бітеді.

Қазақ баласы осыдан кейін мешітке несіне барады. Қазағы жөнінде бір ауыз сөз айтпаған соң имамның ертегі-уағыздарын қайтсын.

Құлақ салсаң келген жеріңе қайтып келгің келмейді. Бәрі қатынкұмар, бәрі атакқұмар, бәрі канқұмар...

Содан да барып ойланады. Құранға тісі батпайды. Қотармалағандарын қарағыштайды. Біреуін түсініп жатса, біреуін қақпайды.

Бірақ Құранның қасиетті кітап екенін мойындайды. Ондағы жазылған сөздің қасиеттілігін барлық болмысы мен сезінеді.

Содан тағы да ойға кетеді. Осы қасиетті кітап шынымен араптарға түскен бе деп.

Ал ішті қазақ осы Құран кітабы түрік тілінде түспеді ме екен деп «күпірлік» келтіреді.

- Бабаларымыз неге қала салмады? - деп айран асыр боламыз.

Неге салмаған?


Салған!

Салмаса сары даладағы күмбір-күмбір күмбездер қайдан келген?

Қазақ мола салған!

Менің Құдайшылығым осы!

Сендер сырт көз тәспих тар-тып, сәждеге бас тигізіп, Аллаһтап





дін мұсылман көрінгендерімен іштерінен Құдайшылсындар.

Өйткені біреуің зәңгіден келін түсіруге бармайсың...

Біреуің қызыңды зәңгіге беруге бармайсың...

Сонда сендердің күні бойы айттып отырған мұсылманшылықтарың қайда?

Сонда сендердің қай жерлерің мұсылман?

Ендеше сендердің Жаратушыларың да-Құдай!

Барлық діндей мұсылман діні де ұлттығымызды жоюға негізделген. Ерте ме, кеш пе осы қазақ жұртында түрі ғана қазақтар тұратын болады. Ол қазақтар бұл қазақтармен шендесе алмайды. Олар өз қарындастарын қатын етеді. Ата, әке, бала деген үштік түзілім ызымқайым жоғалады.

Қазіргі қазақ даласындағы мешіттердің денін қазақ баласы емес, араптанған жұрттар салып жатыр. Немесе солар қандастарымызды қаржыландырып жатыр. Өйткені олар қайтарымың болатынын түсінеді және оларына сенеді.

Бүгінде барша дін сынды мұсылманшылық та бизнес жолына түскен. Қазір бизнес алға шықты. Мұсылманшылығың кейінге ысырылды. Айтып отырған қасиетті Меккеміз дінмұсылмандардың жері есептеледі. Онда басқа діндегілердің алшаңдап жүруіне жол жоқ.

Алайда дінмұсылманның кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де басты «жаулары» өріп жүр. Оларды қасиетті мекенге кіргізіп жүргендері діни ұстанымы емес, көк ақшалары.

Осыны сезінген кей бауырларым:

- Біз де бабаларымызға мазар көтеріп кетейік,-деп езеуресін.

Ниет дұрыс-ау, алайда ол бауыр-

лар қаперіне араптардың аруақтарға қаратып Құран оқымайтынын алмай тұр-ау...

Оның үстіне...

Қазақ біреудің жеріне барып мола салмаған.

Салса ата-бабасының жеріне салған. Және оны жай мола демеі шекара деп білген. Ал күмбезді бейіттерін шекара бағандары деп ұққанымыз жөн.

Ендеше ешқандай қазақ баласы шетелде тұрмаған.

Ендеше ешқандай шетелде қазақ диаспорасы тұрмайды.

Тұрса өз жерінде тұрған.

Қазақ даласында ондай молалар миллиондап саналады.

Солардың бәрін әр жерге жинақтаса ел салған қаланың көкесі болар еді-ау...

Осыдан кейін қазақ қала салмады деп көр!..

Дін атаулы адамды кіріптарлыққа апаратын соқпақ. Өлемдегі қазіргі адамгершілікті дін - мұсылман діні.

Біз сол мұсылман дінімен келеміз.

Біздің ата-бабаларымыз бізден гөрі биік, бізден гөрі терең тұрған. Біздің сол бабаларымыздай болуымыз мүмкін де емес. Біз сол бабаларымыздың көшірмелеріміз. Ал көшірме қашанда түпнұсқасынан төмен тұрады. Олай болса бабаларымыздың да бірнәрсе білгеніне сенейік.

Олар мұсылман дініне бәленбай ғасыр бұрын кіріп алған. Және сол жолынан таймай келеді.

Кіргені сол Олар өздеріне керегін алды.

Енді, міне, арапқұлдар бізді қайтып мұсылман қылмақшы.



Бұрынғы исламымыз қазақтың исламы!

Қазіргі исламымыз арапқұлдардың исламы!

Ол түптің түбінде ұлттығымызға үлкен қауіп!

Қазірдің өзінде қазақ ошағын ірітіп жатыр. Әкесін баласынан, баласын жамағатынан айырып жатыр.

Елдің мешіт десе желп ете қалмайтыны сондықтан.

Діни тақырыпқа бару бұл өле алмай жүргендердің шаруасы. Біз көзімізді тарс жұмып соған барып отырмыз.

Дін қашанда нәзік нәрсе болған және солай қала береді.

Өйткені адам қандай да бір сеніммен өмір сүреді. Оның Құдай, оның Тәңірі, оның Алла болуы мүмкін...

Қазақ баласының да өз сенімі бар. Өзіне тән ғана сенім. Ешқандай кітаптан келмеген.

Ешқандай кітапта жоқ сенім.

Қазақ баласын өлтірмей келе жатқан сол сенімі. Және ол сенімінен бүгін-ертең айырыла қоюы екіталай.

Бүгінде қазақ баласына дін таңу жүріп жатыр. Бұл да бір майдан. Мешіттің ішіндегі майдан бір басқа да, мешіттің сыртындағы майдан бір басқа.

Қазақ баласының іш майданы да өз алдына бір әңгіме.

Талай жұрт баласы мешітке барғанда қуанды.

Мешітке үйіндегі дүниесін сүйрегені аздай немерелерін де жетектеп барды-ау...

Бүгінде аһ ұрып отыр.

Балаларының сүйегіне де жете алмай.

Біреулерінің сүйегі Сирияда қалған...

Біреулерінің сүйегі Иордан қалған...

Біреулерінің сүйегі Ливияда қалған...

Қазақтың мұсылманшылығына он төрт ғасыр толыпты. Жөн сөз дейміз.

Осыдан он төрт ғасыр бұрынғы Ислам діні анадан жаңа туғандай таза ғой!

Біздің бабаларымыздың бойұсынған діні сол дін емес пе еді?!

Біздің ұстанғанымыз сол бабаларымыздың діні еді ғой!

Енді келіп арапқұлдар бізге сол қойыртпақ діндерін кіргізуге жанталасып жатыр.

Бүгінде сол асыл дінімізді ислам дінін жамылған дінсіздер қойыртпақтап жатыр.

Ал қазақ баласы әу басқы діни сенімінен таймай тұр.

А, Құдайлап!

Құдайшылық әр қазақ баласының босағасында.

Құдайшылық бізді ұлт ретінде сақтап қалды!

Сақтай да береді!

Өткен күнге салауат.

Ал келер күннен үмітіміз бар.

Құдай сақтасын дейміз!

Тәңірі жарылқасын дейміз!

Алла алқасын дейміз!

Жалғасы бар...

Жалын, 2022.-ақпан (№2).-18-28 б.